

«Алматы қаласының дамыту орталығы» АҚ
жайлыз акционері

«Алматы қаласы қаржы басқармасы» ММ
2011 ж. қаржы басқармасы № 22 шешімімен

БЕКІТІЛДІ

Акционерлік
общество

город Алматы

Республика Казахстан

«АЛМАТЫ ҚАЛАСЫНЫҢ ДАМЫТУ ОРТАЛЫҒЫ» АҚ
ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕСІ

Алматы қ., 2011

МАЗМҰНЫ

Беті.

1. Жалпы ережелер	3
2. Директорлар кеңесінің құзіреті	3
3. Директорлар кеңесінің құрамы және құру тәртібі	4
4. Директорлар кеңесінің отырысын шақыру	5
5. Директорлар кеңесінің отырысын өткізу тәртібі	8
6. Директорлар кеңесінің мүшелерінің құқықтары мен міндеттері	10
7. Директорлар кеңесінің мүшелерінің жауапкершілігі және оқілеттіктерінің тоқтатылуы	11

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1. Осы ереже Қазақстан Республикасының заңнамасына, «Алматы қаласының дамыту орталығы» АҚ (бұдан әрі - Орталық) Жарғысына сәйкес әзірленді және Орталықтың Директорлар кеңесінің (бұдан әрі - Директорлар кеңесі) мәртебесін, құрылу тәртібін және құзіретін белгілейді.

2. Осы ереже Орталықтың ішкі құжаты болып табылады.

3. Директорлар кеңесі Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасы және Орталық Жарғысы арқылы Орталықтың жалғыз акционері мен Басқарманың айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелерді шешуді қоспағанда Орталықтың қызметіне жалпы басшылық етуді жүзеге асыратын Орталықтың басқарушы органды болып табылады.

4. Директорлар кеңесі өз қызметінде Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасын, Орталықтың Жарғысын, жалғыз акционердің шешімдерін, Орталықтың ішкі құжаттарын және осы Ережені басшылыққа алады.

2. ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ҚҰЗІРЕТІ

5. Орталықтың Директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне мына мәселелер жатады:

- 1) Орталық қызметінің басым бағыттарын белгілеу;
- 2) жарияланған акциялардың саны шегінде акцияларды орналастыру (өткізу) туралы, оның ішінде орналастырылатын (өткізілетін) акциялардың саны, оларды орналастыру (өткізу) тәсілі мен бағасы туралы шешім қабылдау;
- 3) Орталықтың орналастырылатын акцияларды сатып алуы және оларды сатып алу бағасы туралы шешім қабылдау;
- 4) Орталықтың жылдық қаржы есептілігін алдын ала бекіту;
- 5) Басқарманың сан құрамын, өкілеттік мерзімін анықтау, оның басшысын және мүшелерін сайлау, сондай-ақ олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату;
- 6) Орталық Басқармасының Т өрағасы мен мүшелерінің лауазымдық айлықақыларының мөлшерін және оларға енбекақы және сыйлықақы төлеу талаптарын айқындау;
- 7) корпоративтік хатшыны тағайындау, оның өкілеттік мерзімін айқындау, оның өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ корпоративтік хатшының лауазымдық жалақысы мөлшерін және сыйақы шарттарын айқындау;
- 8) аудиторлық ұйымның, сондай-ақ Орталықтың акцияларын төлеуге берілген не ірі мәміле нысанасы болып табылатын муліктің нарықтық құнын бағалау жөніндегі бағалаушының қызметіне ақы төлеу мөлшерін айқындау;

9) Орталықтың ішкі қызметін реттейтін құжаттарды (бұған Орталық қызметін ұйымдастыру мақсатында Басқарма қабылдайтын құжаттар қосылмайды) бекіту;

10) Орталықтың басқа занды тұлғалардың акцияларының он және одан да көп процентін (жарғылық капиталға қатысу үлестерін) сатып алу туралы шешімдерін қабылдау;

11) акцияларының (жарғылық капиталдағы қатысу үлесінің) он және одан да көп проценті Орталыққа тиесілі занды тұлға акционерлерінің (қатысушыларының) жалпы жиналысының құзыretіне жатқызылатын қызмет мәселелері бойынша шешімдер қабылдау;

12) Орталықтың міндеттемелерін оның өзіндік капиталы мөлшерінің он және одан да көп проценті болатын шамаға көбейту;

13) Орталықтың бұрынғы тіркеушісімен шарт бұзылған жағдайда Орталықтың тіркеушісін таңдау;

14) Орталық немесе оның қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қоргалатын өзге де құпия болып табылатын қызметі туралы ақпаратты айқындау;

15) ірі мәмілелер және жасалуына қоғам мүдделі мәмілелер жасасу туралы шешімдер қабылдау;

16) Орталықтың еспеке алу саясатын бекіту;

17) Орталықтың қаржы-шаруашылық қызметтерінің жоспарларын және олардың орындалуы жөніндегі есептерді бекіту;

18) Орталықтың даму стратегиясын/жоспарын бекіту;

19) Орталық мүшесінің басқа ұйымдардағы жұмысы туралы мәселені келісу;

20) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілері мен Орталықтың жарғысында көзделген, Орталықтың жалғыз акционерінің айрықша құзыretіне жатпайтын өзге де мәселелер.

6. Директорлар кеңесінің айрықша құзыretіне жатқызылған мәселелер Орталық Басқармасына шешім қабылдау үшін берілмейді.

7. Директорлар кеңесінің Орталық Басқармасының айрықша құзыretіне жатқызылған мәселелер бойынша шешімдер, сонымен қатар Орталықтың жалғыз акционерінің шешімдеріне қарама-қайшы келетін шешімдер қабылдауға құқығы жоқ.

3. ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ҚҰРАМЫ ЖӘНЕ ҚҰРУ ТӘРТІБІ

8. Директорлар кеңесінің сан құрамын, өкілеттік мерзімін анықтау, Орталықтың Директорлар кеңесінің мүшелерін сайлау, сондай-ақ олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, сонымен қатар Орталықтың Директорлар кеңесі мүшелеріннің сыйлықақыларының мөлшерін және төлеу талаптарын айқындау жағыз акционердің шешімінің негізінде жүзеге асырылады.

9. Директорлар кеңесі мүшелерінің саны кемінде үш адамнан кем болмауы тиіс. Орталықтың Директорлар кеңесі мүшелері санының кемінде үштен бірі тәуелсіз директорлар болуға тиіс.

10. Директорлар кеңесінің мүшелері:

1) директорлар кеңесіне жалғыз акционердің өкілдері ретінде сайлауга ұсынылған (ұсыныс берілген) адамдар;

2) директорлар кеңесіне жалғыз акционердің өкілдері ретінде сайлауга ұсынылмаған (ұсыныс берілмеген) Орталықтың акционері болып табылмайтын басқа адамдар арасынан сайланады. Мұндай адамдар саны Директорлар кеңесі құрамының елу процентінен аспауы керек.

11. Директорлар кеңесінің мүшелерін сайлау Қазақстан Республикасының заңнамасында, Орталық Жарғысында және осы Ережеде қарастырылған тәртіппен жүзеге асырылады.

12. Мынадай тұлғалар Директорлар кеңесіне мүше бола алмайды:

1) жоғары білімі жоқ;

2) Заңнамада белгіленген тәртіп бойынша сотталғандығы өтелмеген немесе алынбаған бар тұлға;

3) бұрын банкрот болып танылып немесе консервация, санация мәжбүрлі түрде жойылуға ұшыраған заңды тұлғаны банкрот болу немесе консервациялау, санациялау, мәжбүрлі түрде жою шешімі қабылданған мерзімінен кейін бес жыл ішінде басқарған қызметкер;

Аталған тізбе Орталықтың жалғыз акционерінің шешімімен толқытырылуы мүмкін.

13. Директорлар кеңесінің құрамына сайланған адамдардың қайта сайлануына шек қойылмауы мүмкін.

14. Жалғыз акционер Директорлар кеңесінің барлық немесе жекелеген мүшелерінің өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату құқылы. Директорлар кеңесі мүшесінің бастамасымен оның өкілеттіктерінің мерзімінен бұрын тоқтатылуы Директорлар кеңесін жазбаша хабарлама беру арқылы жүзеге асырылады. Мұндай Директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттіктері аталған хабарламаны Директорлар кеңесі алған сәттен бастап тоқтатылады.

15. Директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттіктері мерзімінен бұрын тоқтатылған жағдайда Директорлар кеңесінің жаңа мүшесін сайлау жалғыз акционердің шешімімен жүзеге асырылады. Бұл орайда, толықтай Директорлар кеңесінің өкілеттіктері аяқталған кезде Директорлар кеңесінің жаңадан сайланған мүшесінің өкілеттіктері де аяқталады.

16. Директорлар кеңесінің Төрағасын сайлау және қайта сайлау туралы шешімді Директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы санының көпшілік дауыс беру арқылы Директорлар кеңесінің мүшелері қабылдайды.

17. Төрағадан басқа Басқарма мүшелері Директорлар кеңесіне қайта сайланған алмайды. Орталық Басқармасының Төрағасы Директорлар кеңесіне Төрага болып сайланған алмайды.

4. ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ОТЫРЫСЫН ШАҚЫРУ

18. Директорлар кеңесінің отырыстары қажет болуына қарай жүргізіледі.

19. Директорлар кеңесінің отырысы оның Төрағасының немесе Басқармасының бастамасы бойынша, не:

1) Директорлар кеңесінің кез келген мүшесінің;

2) Орталыққа аудитті жүзеге асыратын аудиторлық ұйымның;

3) жалғыз акционердің талап етуі бойынша шақырылуы мүмкін.

20. Директорлар кеңесінің отырысын шақыру туралы талап Директорлар кеңесінің Төрағасына Директорлар кеңесі отырысының ұсынылатын күн тәртібі бар тиісті жазбаша хабар жіберу арқылы қойылады. Директорлар кеңесінің Төрағасы отырысты шақырудан бас тартқан жағдайда, бастамашы аталған талаппен Орталықтың Басқармасына жүгінуге құқылы.

21. Директорлар кеңесінің отырысын Директорлар кеңесінің Төрағасы немесе Басқарма шақыру туралы талап келіп түскен күннен бастап күнтізбелік он күннен кешіктірмей шақыруға тиіс.

22. Директорлар кеңесінің отырысы аталған талапты қойған адамды міндетті түрде шақыра отырып өткізіледі.

23. Директорлар кеңесінің мүшелері белгіленген Директорлар кеңесінің отырысы туралы отырыс өткізілерден бес күнтізбелік күн бұрын жазбаша хабардар етіледі. Хабардар ету тапсырыстық хаттарды, телеграммаларды, телефонограммаларды жолдау және басқа да тәсілдерді қолдану арқылы жүзеге асырылады. Директорлар кеңесінің отырысты белгілеу туралы шешімімен қол қойдыра таныстыру жазбаша хабардар етуге теңестіріледі.

24. Директорлар кеңесінің Төрағасы отырысты шақырған кезде Директорлар кеңесінің Төрағасы Директорлар кеңесінің барлық мүшелеріне отырыстың өткізілетін күнін, уақытын және орнын көрсете отырып және отырыста қарауға ұсынылатын мәселелерді жалғай отырып жазбаша хабарлар жібереді. Жазбаша хабарға қажет болған жағдайда қарауға ұсынылатын мәселелерге қатысты барлық материалдар жалғанады.

25. Директорлар кеңесінің отырысты шақыруы жөніндегі жазбаша хабарлар отыртыстың өткізілуі жобаланып отырған күннен бастап бес күнтізбелік күннен кешіктірілмей Директорлар кеңесінің барлық мүшелеріне жолдануы тиіс.

26. Директорлар кеңесі мүшелерінің бірінінің бастамасымен отырыс шақырылған кезде бастаманы көтеруші тұлға Директорлар кеңесі Төрағасының атына отырыста қарауға ұсынылатын мәселелер тізбесін көрсете отырып және оларды қарау қажеттілігінің себептерін түсіндіре отырып жазбаша хабарлар жібереді. Срнымен қатар, хабарда мәселелерді қараудың болжанған күні, уақыты және орны көрсетілуі тиіс.

27. Директорлар кеңесінің Төрағасы Директорлар кеңесі мүшесінің өтінішін өтініш түскен күннен бастап үш күндік мерзім ішінде қарайды, Директорлар кеңесінің отырысын шақырудың орындылығы (орынсыздығы)

жөнінде шешім қабылдайды, ол жөнінде Директорлар кеңесі мүшесінің жазбаша хабарына тиісті бұрыштама қойылады. Бұл орайда, Директорлар кеңесінің Төрағасы өзінің қарауы бойынша отырыстың өткізілуі болжанып отырган күнді, уақытты және орынды өзгертуге, сондай-ақ қарауға ұсынылып отырган мәселелер тізбесін қысқартуға құқылы. Директорлар кеңесі Төрағасының қабылдаған шешімі жөнінде отырыс туралы бастама көтеріп отырган Директорлар кеңесінің мүшесіне хабар беріледі.

28. Директорлар кеңесінің Төрағасының рұқсат еткен бұрыштамасы бар жазбаша хабар алған жағдайда отырыс туралы бастама көтеруші Директорлар кеңесінің қарауына шығарылатын мәселелер тізбесін және Директорлар кеңесі Төрағасының бұрыштамасы бар жазбаша хабарды жалғай отырып, барлық қажетті материалдарды Директорлар кеңесінің басқа мүшелеріне жолдайды. Бұл орайда, Директорлар кеңесінің мүшелеріне материалдар отырыстың өткізілуі болжанған күннен бес күнтізбелік күннен кем емес мерзімде жолдануы тиіс.

29. Директорлар кеңесінің отырысын өткізуден бас тарту алған кезде Директорлар кеңесінің мүшесі қарауға ұсынылатын мәселелерді қайтадан шығара алады, бірақ бұл бас тартуды алған күннен бастап 10 жұмыс күнінен ерте болмауы тиіс.

30. **Басқарма** кез-келген уақытта Директорлар кеңесінің отырысы жөнінде бастама көтере алады.

31. Директорлар кеңесінің отырысы жөнінде бастама көтеру үшін Орталық Директорлар кеңесі Төрағасының атына Басқарма Төрағасы немесе оны алмастыратын тұлға қол қойған отырысты қарауға ұсынылатын мәселелер тізбесі көрсетілген жазбаша хабарды жолдайды.

32. Директорлар кеңесінің Төрағасы Басқарманың өтінішін өтініш түсken күннен бастап үш күндік мерзім ішінде қарайды, Директорлар кеңесінің отырысын шақырудың орындылығы (орынсыздығы) жөнінде шептің қабылдайды, ол жөнінде Басқарманың жазбаша хабарына тиісті бұрыштама қойылады.

33. Бұл орайда, Директорлар кеңесінің Төрағасы өзінің қарауы бойынша отырыстың өткізілуі болжанып отырган күнді, уақытты және орынды өзгертуге, сондай-ақ қарауға ұсынылып отырган мәселелер тізбесін қысқартуға құқылы. Директорлар кеңесі Төрағасының қабылдаған шешімі жөнінде Басқармага хабар беріледі.

34. Директорлар кеңесінің Төрағасының рұқсат еткен бұрыштамасы бар жазбаша хабар алған жағдайда корпоративтік хатшы Директорлар кеңесінің қарауына шығарылатын мәселелер тізбесін және Директорлар кеңесі Төрағасының бұрыштамасы бар хатты жалғай отырып, күн тәртібіндегі мәселелелер бойынша барлық қажетті материалдарды Директорлар кеңесінің басқа мүшелеріне отырыстың өткізілуі болжанған күннен бес күнтізбелік күннен кем емес мерзімде жолдайды.

35. Директорлар кеңесінің отырысын өткізуден бас тарту алған кезде **Басқарма** қарауға ұсынылатын мәселелерді қайтадан шығара алады, бірақ бұл

бас тартуды алған күннен бастап 10 жұмыс күнінен ерте болмауы тиіс. Орталықтың Басқармасы Директорлар кеңесінің Төрағасымен келісе отырып материалдарды ұсыну мерзімдерін қысқартса алады.

36. **Орталыққа аудитті жүзеге асыратын аудиторлық ұйымның Директорлар кеңесінің отырысын шақыру туралы талабы** Директорлар кеңесінің Төрағасына Директорлар кеңесі отырысының ұсынылатын күн тәртібі бар тиісті жазбаша хабар жіберу арқылы қойылады. Директорлар кеңесінің отырыс өткізу жөніндегі шешімді қарауы және қабылдауы осы Ереженің 31-34 тармақтарында белгіленген тәртіппен жүргізіледі.

37. **Жалғыз акционердің Директорлар кеңесінің отырысын шақыру туралы талабы** Директорлар кеңесінің Төрағасына Директорлар кеңесі отырысының ұсынылатын күн тәртібі бар тиісті жазбаша хабар жіберу арқылы қойылады. Директорлар кеңесінің отырыс өткізу жөніндегі шешімді қарауы және қабылдауы осы Ереженің 31-34-тармақтарында белгіленген тәртіппен жүргізіледі.

38. Жалғыз акционер де Директорлар кеңесінің отырысын шақыруды Орталықтың лауазымдық тұлғаларының Орталыққа келтірген шығындарын өтеуі жөнінде сот органдарына жүгінерге дейін жүзеге асырады. Акционер лауазымдық тұлғалардың Орталыққа келтірген шығындарын өтеуі және ірі мәмілелер және (немесе) мұдделелік болуына орай жасалатын мәмілелер жасасу туралы шешімдер (жасасуға ұсыныстар) қабылдау нәтижесінде алынған пайданы (табысты) лауазымды адамның және (немесе) оның аффилиирилген тұлғаларының қайтаруы жөніндегі мәселені Директорлар кеңесінің отырысына шығару жөніндегі талабымен Орталықтың Директорлар кеңесінің Төрағасына жүгінуі тиіс.

39. Директорлар кеңесінің Төрағасы осы Ереженің 39-тармағында көрсетілген өтініш келіп түскен күннен бастап күнтізбелік он күннен кешіктірілмейтін мерзімде Директорлар кеңесінің көзбе-көз отырысын шақыруға міндетті.

40. Акционердің өтініші бойынша осы Ереженің 39-тармағында қарастырылған негіз бойынша қабылданған Директорлар кеңесінің шешімі отырыс өткізілген күннен бастап күнтізбелік үш күн ішінде оның назарына жеткізіледі. Директорлар кеңесінің көрсетілген шешімін алғаннан кейін не оны осы тармақта белгіленген мерзімде алмаса, акционер өз атынан аталған мәселе бойынша Орталықтың Директорлар кеңесінің Төрағасына акционердің өтініш жасаганын растайтын құжаттар болған кезде Орталық мұдделерін қорғау үшін талап-арызбен сотқа жүгінуге құқылы.

41. Кейінгे қалдыруға болмайтын жағдайларда Директорлар кеңесінің отырысы Директорлар кеңесі мүшелерін жазбаша хабардар етпей-ак жедел түрде шақырылуы мүмкін.

5. ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ОТЫРЫСЫН ӨТКІЗУ ТӘРТІБІ

42. Директорлар кеңесінің төрағасы директорлар кеңесінің жұмысын

ұйымдастырады, оның отырыстарын жүргізеді, сондай-ақ Орталық Жарғысы мен осы Ережеде белгіленген өзге де функцияларды жүзеге асырады. Директорлар кеңесінің Төрағасы болмаған жағдайда, оның функцияларын Директорлар кеңесінің шешімі бойынша Директорлар кеңесі мүшелерінің бірі жүзеге асырады.

43. Директорлар кеңесінің отырысын өткізу үшін кворум Директорлар кеңесі мүшелері санының елу және одан да аса пайызын құрайды.

44. Директорлар кеңесінің әрбір мүшесінің бір даусы болады. Директорлар кеңесінің бір мүшесінің Директорлар кеңесінің басқа бір мүшесе дауысын беруге жол берілмейді.

45. Директорлар кеңесінің шешімдері Директорлар кеңесінің отырыска қатысқан мүшелерінің жай көпшілік даусымен қабылданады. Дауыстар саны тен болған кезде Директорлар кеңесі төрағасының немесе Директорлар кеңесінің отырысында төрағалық етуші адам даусының шешуші дауыс болып табылады.

46. Директорлар кеңесінің отырыстарының өткізілуі көзбе-көз және сырттай формаларда қарастырылады.

47. Директорлар кеңесінің көзбе-көз отырысында хаттама жүргізіледі, оны Директорлар кеңесінің отырысы өткізілген күннен бастап 3 жұмыс күні ішінде корпоративтік хатшы жасайды.

48. Директорлар кеңесінің отырысының хаттамасына отырыска қатысқан Директорлар кеңесінің мүшелері, отырысқа төрағалық етуші адам, сондай-ақ хаттаманың дұрыс жасалуына жауап беретін корпоративтік хатшы қол қояды.

49. Хаттамада мыналар көрсетіледі:

- 1) Орталықтың атқарушы органдының толық атау мен орналасқан жері;
- 2) отырыстың өткізілетін күні, уақыты және орны;
- 3) отырысқа қатысқан адамдар туралы мәліметтер;
- 4) отырыстың күн тәртібі;
- 5) дауыс беруге қойылған мәселелер және Директорлар кеңесінің отырысының күн тәртібіндегі әрбір мәселе бойынша Директорлар кеңесінің әрбір мүшесінің дауыс беру нәтижесі көрсетілген олар бойынша дауыс беру корытындылары;
- 6) қабылданған шешімдер;
- 7) Директорлар кеңесінің шешімдері бойынша басқа да мәліметтер.

50. Сырттай отырыстардың өткізілуіне айрықша жағдайларда ғана және тек Төрағаның немесе оны алмастыратын тұлғаның талқыланбайтын сипаттағы мәселелер бойынша шешімімен тоқсанына бір реттен кем емес жол беріледі.

51. Директорлар кеңесінің сырттай отырыстарында мынадай мәселеллер қаралуы мүмкін:

- 1) даму стратегиясын/жоспарларын бекіту, оларға өзгерістер, қосымшалар, түзетулер енгізу, олардың іске асырылу (орындалу барысы) жөніндегі есептерді бекіту;

- 2) қаржы-шаруашылық қызметтерінің жоспарын бекіту, қаржы-шаруашылық қызметтерінің жоспарына өзгерістер (түзетулер) енгізу, оның орындалуы жөніндегі есептерді бекіту;
- 3) сыртқы аудиттің есептерін тыңдау;
- 4) Орталықтың міндеттемелерін жеке капитал көлемінің он процентінен асатын сомаға ұлғайту жөніндегі мәселені қарau;
- 5) инвестициялық/несиелік жобаларды қarau;
- 6) ірі мәмілелер және мұдделілік бар мәмілелер жасасу туралы шешімдер қабылдау;
- 7) кадр мәселелері.

52. Сырттай отырыс өткізілген кезде дауыс беру үшін бірыңғай нысандағы бюллетенъдер мен дауыс беруге шығарылған мәселе (мәселелер) бойынша материалдар сырттай отырысты өткізілуі болжанған күннен 7 күнтізбелік күннен кем емес мерзімде Директорлар кеңесінің барлық мүшелеріне жіберіледі (таратылады).

Бюллетенъде мыналар болуы тиіс:

- 1) Орталықтың толық атауы;
- 2) жиналысты шақырудың бастамашысы туралы мәліметтер;
- 3) сырттай дауыс беруге арналған бюллетенъдерді берудің аяқталатын куні;
- 4) дауыс беруге қойылған анық және бір мәнмен тұжырымдалатын мәселе (мәселелер);
- 5) дауыс берудің «жақтайды», «қарсы», «қалыс қалды» деген сөздермен білдірілген нұсқалары;
- 6) бюллетенъді толтыру тәртібінің түсіндірмесі.

Белгіленген мерзімде алынған бюллетенъдерде кворум болған ретте шешім сырттай дауыс беру арқылы қабылданды деп танылады.

53. Директорлар кеңесінің сырттай отырысының шешімі жазбаша турде ресімделуге және оған Орталықтың Директорлар кеңесінің Төрағасы мен корпоративтік хатшысы қолы қойылуға тиіс.

54. Шешім ресімделген күннен бастап жиырма күн ішінде Директорлар кеңесінің мүшелеріне жіберілуге тиіс, оған осы шешімді қабылдауга негіз болған бюллетенъдер қоса тіркеледі.

55. Директорлар кеңесінің мүшесінің талап етуімен корпоративтік хатшы талап түскен күннен бастап 5 жұмыс күнінің ішінде оған танысуы үшін Директорлар кеңесі отырысының хаттамасын және сырттай дауыс беру жолымен қабылданған шешімдерді ұсынуға және (немесе) өзінің қолымен күәландаған және Орталық мөрінің таңбасымен хаттама мен шешімнен үзінді беруге міндетті.

56. Директорлар кеңесі отырыстарының хаттамалары және сырттай дауыс беру арқылы қабылдаған шешімдер Орталықтың мұрағатында сакталады.

6. ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ МҮШЕЛЕРІНІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

57. Директорлар кеңесінің мүшелері Қазақстан Республикасының заңнамасына, Орталықтың Жарғысына және ішкі құжаттарына сәйкес Орталықтың кез-келген бөлімшелері мен қызметтерінен Орталық қызметіне қатысты кез-келген ақпаратты алуға құқылы.

58. Орталықтың Директорлар кеңесі:

1) мұдделердің ықтимал қақтығысын, оның ішінде Орталық меншігін заңсыз пайдалануды және мұдделілік болуына орай жасалатын мәмілелерді жасасқан кезде асыра пайдалануды лауазымды адамдар мен акционерлер деңгейінде қадағалауға және оларды мүмкіндігінше жоюға;

2) Орталықтағы корпоративтік басқару практикасының тиімділігін бақылауды жүзеге асыруға тиіс.

59. Орталықтың Директорлар кеңесінің мүшелері:

1) хабардарлық, айқындық негізінде Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына, Орталықтың Жарғысы мен ішкі құжаттарына сәйкес, Орталықтың және оның жалғыз акционерінің мұдделері үшін әрекет етуге;

2) акционерге әділ қарауға, корпоративтік мәселелер бойынша объективті түрде тәуелсіз ой-пікір білдіруге тиіс.

60. Директорлар кеңесінің мүшелері сонымен қатар Қазақстан Республикасының заңнамасына, Орталықтың Жарғысына және ішкі құжаттарына сәйкес басқа да құқықтары мен міндеттері бар.

7. ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ МҮШЕЛЕРІНІҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ЖӘНЕ ӘКІЛЕТТИКТЕРІНІҢ ТОҚТАНЫЛУЫ

61. Орталықтың Директорлар кеңесінің мүшелері өздерінің іс-әрекеттерінен және (немесе) әрекетсіздігінен келтірілген зиян үшін және Орталыққа келтірілген залалдар үшін:

1) қателесуге әкеп соқтыратын ақпарат немесе көрінеу жалған ақпарат беру;

2) заңнамада белгіленген ақпарат беру тәртібін бұзу;

3) олардың жосықсыз іс-әрекеттері және (немесе) әрекетсіздігі нәтижесінде, оның ішінде олардың не олардың аффилиирленген тұлғаларының Орталықпен осындағы мәмілелер жасасу нәтижесінде пайда (табыс) табу мақсатында, Орталыққа зиян келтіруге әкеп соқтырған ірі мәмілелерді және (немесе) мұдделілік болуына орай жасалатын мәмілелерді жасасуды ұсыну және (немесе) жасасу туралы шешім қабылдау нәтижесінде келтірілген залалдарды қоса алғанда, бірақ олармен шектелмей Орталық пен акционердің алдында Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жауаптылықта болады.

62. Заңнамада көзделген жағдайларда, акционердің ірі мәмілелерді және (немесе) мұдделілік болуына орай жасалатын мәмілелерді жасасу туралы шешімдер қабылдауы, егер оларды орындау нәтижесінде Орталыққа залал келтірілсе, оларды жасасуды ұсынған Директорлар кеңесінің мүшесін немесе

өзі мүше болып табылатын Директорлар кеңесінің отырысында, оның ішінде олар не олардың аффилиирленген тұлғалары пайда (табыс) табу мақсатында жосықсыз әрекет еткен және (немесе) әрекет етпеген Директорлар кеңесінің мүшесін жауаптылықтан босатпайды.

63. Акционердің қабылдаған шешімі негізінде Орталық немесе акционер өз атынан Директорлар кеңесінің мүшесіне оның Орталыққа келтірген зиянды не залалдарды Орталыққа өтеуі туралы, сондай-ақ, егер Директорлар кеңесінің мүшесі жосықсыз әрекет еткен және (немесе) әрекет етпеген болса, Орталыққа залал келтіруге әкеп соқтырган ірі мәмілелер және (немесе) мұдделілік болуына орай жасалатын мәмілелер жасасу туралы шешімдер (жасасуға ұсыныстар) қабылдау нәтижесінде алынған пайданы (табысты) Директорлар кеңесінің мүшесінің қайтаруы туралы талап-арызбен сотқа жүгінуге құқылды.

64. Директорлар кеңесінің мүшелері, егер Директорлар кеңесі қабылдаған, Орталыққа не акционерге залалдар келтіруге әкеп соқтырган шешімге қарсы дауыс берсе немесе дәлелді себептермен дауыс беруге қатыспаса, жауаптылықтан босатылады.

65. Егер Директорлар кеңесінің мүшелерінің Орталықтың лауазымды адамдары қызметінің заңнамада белгіленген қагидаттарын сақтай отырып, шешім қабылдау кезінде өзекті (тиісті) ақпарат негізінде тиісінше әрекет еткені және мұндай шешім Орталық мұдделеріне қызмет етеді деп негізді түрде есептегені дәлелденген болса, олар коммерциялық (кәсіпкерлік) шешімнің нәтижесінде туындаған залалдарды өтеуден босатылады.

66. Директорлар кеңесі Төрағасы мен мүшелерінің өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған негіздер бойынша жалғыз акционердің шешімінің негізінде жүргізіледі.

Орталық Басқармасының төрағасы

Л. Васильева

УТВЕРЖДЕНО

Решением единственного акционера

АО «Центр развития города Алматы»

ГУ «Управление финансов города Алматы»

от «14 » июня 2011 г. № 82

Состав и порядок формирования Совета директоров

Состав заседания Совета директоров

Порядок проведения заседания Совета директоров

Правила избрания членов Совета директоров

ПОЛОЖЕНИЕ О СОВЕТЕ ДИРЕКТОРОВ

АО «ЦЕНТР РАЗВИТИЯ ГОРОДА АЛМАТЫ»

Способы избрания и прекращение полномочий членов Совета директоров

г. Алматы, 2011

СОДЕРЖАНИЕ

	Стр.
1. Общие положения	3
2. Компетенция Совета директоров	3
3. Состав и порядок формирования Совета директоров	4
4. Созыв заседания Совета директоров	5
5. Порядок проведения заседания Совета директоров	8
6. Права и обязанности членов Совета директоров	10
7. Ответственность и прекращение полномочий членов Совета директоров	11

1. ОБЩИЕ ПОЛОЖЕНИЯ

1. Настоящее положение разработано в соответствии с законодательством Республики Казахстан, Уставом АО «Центр развития города Алматы» (далее – Центр) и определяет статус, порядок создания и компетенцию Совета директоров Центра (далее – Совет директоров).
2. Настоящее положение является внутренним документом Центра.
3. Совет директоров является органом управления Центра, осуществляющим общее руководство его деятельностью, за исключением решения вопросов, отнесенных действующим законодательством Республики Казахстан и Уставом Центра к исключительной компетенции единственного акционера и Правления Центра.
4. В своей деятельности Совет директоров руководствуется законодательством Республики Казахстан, Уставом Центра, решениями единственного акционера, внутренними документами Центра и настоящим Положением.

2. КОМПЕТЕНЦИЯ СОВЕТА ДИРЕКТОРОВ

6. К исключительной компетенции Совета директоров Центра относятся следующие вопросы:
 - 1) определение приоритетных направлений деятельности Центра;
 - 2) принятие решения о размещении (реализации), в том числе о количестве размещаемых (реализуемых) акций в пределах количества объявленных акций, способе и цене их размещения (реализации);
 - 3) принятие решения о выкупе Центром размещенных акций и цене их выкупа;
 - 4) предварительное утверждение годовой финансовой отчетности Центра;
 - 5) определение количественного состава, срока полномочий Правления, избрание его руководителя и членов, а также досрочное прекращение их полномочий;
 - 6) определение размеров должностных окладов, условий оплаты труда и премирования Председателя и членов Правления Центра;
 - 7) назначение, определение срока полномочий корпоративного секретаря, досрочное прекращение его полномочий, а также определение размера должностного оклада и условий вознаграждения корпоративного секретаря;
 - 8) определение размера оплаты услуг аудиторской организации, а также оценщика по оценке рыночной стоимости имущества, переданного в оплату акций Центра либо являющегося предметом крупной сделки;
 - 9) утверждение документов, регулирующих внутреннюю деятельность Центра (за исключением документов, принимаемых Правлением в целях организации деятельности Центра);
 - 10) принятие решения о приобретении Центром десяти и более процентов акций (долей участия в уставном капитале) других юридических лиц;

- 11) принятие решений по вопросам деятельности, относящимся к компетенции общего собрания акционеров (участников) юридического лица, десять и более процентов акций (долей участия в уставном капитале) которого принадлежит Центру;
 - 12) увеличение обязательств Центра на величину, составляющую 10 (десять) и более процентов размера его собственного капитала;
 - 13) выбор регистратора Центра в случае расторжения договора с прежним регистратором Центра;
 - 14) определение информации о Центре или его деятельности, составляющей служебную, коммерческую или иную охраняемую законом тайну;
 - 15) принятие решения о заключении крупных сделок и сделок, в совершении которых Центром имеется заинтересованность;
 - 16) утверждение учетной политики Центра;
 - 17) утверждение планов финансово-хозяйственной деятельности Центра и отчетов об их исполнении;
 - 18) утверждение стратегии/плана развития Центра;
 - 19) согласование вопроса о работе члена Правления в других организациях;
 - 20) иные вопросы, предусмотренные законодательными актами Республики Казахстан и настоящим Уставом, не относящиеся к исключительной компетенции единственного акционера Центра.
7. Вопросы, отнесенные к исключительной компетенции Совета директоров Центра, не могут быть переданы для решения Правлению Центра.
